

**Аудандық мәслихаттың 2009 жылғы 25 желтоқсандағы "2010 жылы әлеуметтік көмекке құқығы бар азаматтардың санаты туралы" N 5/16 шешіміне толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Павлодар облысы Лебяжі аудандық мәслихатының 2010 жылғы 11 ақпандағы N 2 /18 шешімі. Павлодар облысы Лебяжі ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 23 ақпанда N 12-9-107 тіркелген. Күші жойылды - қолдану мерзімінің өтуіне байланысты (Павлодар облысы Лебяжі аудандық мәслихатының 2013 жылғы 17 қазандағы N 1-19/184 хаты)

**Ескерту. Күші жойылды - қолдану мерзімінің өтуіне байланысты (Павлодар облысы Лебяжі аудандық мәслихатының 17.10.2013 N 1-19/184 хаты).**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы және Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 56-бабы 1-тармағына сәйкес аудандық мәслихат

**Ш Е Ш І М**

**Е Т Е Д І :**

1. Аудандық мәслихаттың 2009 жылғы 25 желтоқсандағы "2010 жылы арналған әлеуметтік көмекке құқығы бар азаматтардың санаты туралы" (2009 жылғы 30 желтоқсандағы N 12-9-100 нормативті құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу реестрінде тіркелген, аудандық "Аққу үні" газетінде 2010 жылғы 16 қаңтардағы N 05/7399 нөмірінде жарияланған) N 5/16 шешіміне толықтырулар е н г і з і л с і н .

2. 2010 жылғы әлеуметтік көмекке құқығы бар азаматтардың санаты толықтырылып бекітілсін (қосымша тіркеледі).

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күннен бастап он күнтізбелік күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі.

4. Бұл шешімнің орындалуын бақылау мәслихаттың бюджеттік саясат, әлеуметтік сала, заңдылық пен адам құқығын қорғау мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

*Сессия төрағасы*

*Қ. Тлеуғабыл*

*Аудандық мәслихат хатшысы*

*М. Смағұлов*

А у д а н д ы қ

м ә с л и х а т т ы ң

2 0 1 0

ж ы л д а ғ ы

1 1

а қ п а н д а ғ ы

N

2 / 1 8

ш е ш і м і н е

қосымша

**2010 жылы жекелеген әлеуметтік көмекке  
құқығы бар азаматтардың санаты**

- "36) 1 жасқа дейінгі нәрестерелер;  
37) үйде тәрбиеленіп, оқытылатын мүгедек балалар;  
38) Псков облысында қайтыс болған Ұлы Отан соғысына қатысқандар  
жанұясының өкілі (А.Баймульдин)."

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК